

«Балалар өнер мектебі» КММ қарасты
«Тау шыңы» жазғы балалар лагері

ХАТТАМА №1

**Кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру
бағдарламасын әзірлеу және келісуге ұсыну туралы**

Бәйдібек ата ауылы

05 маусым 2026 жыл

Қатысқандар:

1. Мырзабаев Мейірбек Оңлабекұлы – лагерь меңгерушісі;
2. Жолдасбекова Жадыра – аға тәлімгер;
3. Малдыбай Асылжан – тәрбиеші;
4. Есіркеп Толғанай – тәрбиеші;
5. Байзақова Нұрсұлу – медицина қызметкері;
6. Жандарбекова Гүлмира – әдіскер.

Төраға: Мырзабаев Мейірбек Оңлабекұлы

Хатшы: Жандарбекова Гүлмира

КҮН ТӘРТІБІ:

Кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламасын
әзірлеу және келісуге ұсыну туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша лагерь меңгерушісі Мырзабаев Мейірбек Оңлабекұлы сөз сөйлеп, 2026 жылғы жазғы сауықтыру маусымын ұйымдастыру барысында балалардың демалысын мазмұнды өткізу, олардың денсаулығын нығайту, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында білім беру-сауықтыру бағдарламасын әзірлеудің қажеттілігі туралы баяндады.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес әзірленіп, тәрбиелік, танымдық, спорттық, мәдени-көпшілік іс-шараларды, сондай-ақ балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қамтуы тиіс екендігі атап өтілді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Жолдасбекова Жадыра бағдарламаның тәрбиелік бағытын күшейту, ұлттық құндылықтарды насихаттау және балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жөнінде ұсыныстарын білдірді.

Байзақова Нұрсұлу медициналық қауіпсіздік талаптарын, санитариялық-гигиеналық нормаларды және алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша іс-шараларды бағдарламаға енгізу қажеттігін атап өтті.

Жандарбекова Гүлмира бағдарламаны әдістемелік тұрғыдан рәсімдеу және белгіленген тәртіппен келісуге ұсыну бойынша ұсыныстарын жеткізді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:


1. «Тау шыңы» жазғы балалар лагерінің кәмелетке толмағандарға арналған білім беру-сауықтыру бағдарламасы әзірленсін.
2. Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, тәрбиелік, танымдық, спорттық және мәдени-көпшілік бағыттарды қамтитын түрде дайындалсын.
3. Бағдарламаға балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар енгізілсін.
4. Әзірленген бағдарлама қолданыстағы талаптарға сәйкес рәсімделіп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне келісуге ұсынылсын.
5. Осы хаттамалық шешімнің орындалуын бақылау лагерь меңгерушісі Мырзабаев Мейірбек Оңлабекұлына жүктелсін.

Дауыс беру нәтижесі:

«Қолдады» – 6 адам;

«Қарсы» – жоқ;

«Қалыс қалды» – жоқ.

Төраға:  Мырзабаев Мейірбек Оңлабекұлы

Хатшы:  Жандарбекова Гүлмира

